

FTAXP 03.20.00

[https://doi.org/10.53360/3107-0493-2025-4\(6\)-7](https://doi.org/10.53360/3107-0493-2025-4(6)-7)

ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА ҚЫЗМЕТІН ЖАҢҒЫРТУ ЖӘНЕ ДАМУЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ (1932-1960 жж.)

А.Б. Нуртазаева^{1*}, К.Т. Туенбаева²

¹*Халықаралық инженерлік-технологиялық университет (Алматы, Қазақстан)*

²*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті (Алматы, Қазақстан)*

E-mail: alima_nyr@mail.ru^{1*}

kalima_t@mail.ru²

¹<https://orcid.org/0009-0000-5766-341X>

²<https://orcid.org/0000-0001-8230-7740>

Аңдатпа. Мақалада ХХ ғасырдың 30-шы жылдары Қазақстанда Орталық ғылыми кітапхананың құрудың тарихи факторлары, қалыптасу кезеңдегі негізгі басымдықтар мен әдістері, кітапхана жұмысын үйлестіру мен басқару тарихы қарастырылады. Орталық ғылыми кітапхананың ғылыми, ақпараттық-библиографиялық қызметінің бағыттарын архив қорлары мәліметтеріне сүйене отырып дамыту тарихы баяндалады. Мақалада отандық ғалымдардың аталған тақырыпқа қатысты жазылған еңбектеріне теориялық бағытта сараптамалар жасалынды. Орталық ғылыми кітапхананың ХХ ғасырдың 1932-1960 жж. аралығындағы қызметі қарастырылып, Кеңестік саясаттың кітапхана жұмысына тигізген әсерін анықталады. Республикамызда ғылым, білім және мәдениетті дамытуда Орталық ғылыми кітапхананың қосқан үлесін зор екендігін ешкім жоққа қоймайды. Құрылған күннен бастап ғылыми кітапхана Ұлттық Ғылым Академиясының тарихымен тікелей байланысты. 1932-1960 жылдар аралығында көптеген қиыншылықтарды басынан өткізіп, кәсіби тұрғыдан ең беделді мекемеге айналды. Одақ көлемінде басқа ғылыми кітапханалармен байланыс орнату және кәсіби мамандармен ұжымды толықтыру, кітап қорын жасақтау, өңдеу, анықтамалық-библиографиялық жұмыстарына талдау жасалынып, Орталық ғылыми кітапхананың атқарған қызметі мен жеткен жетістіктерінің тарихы айқындалды. Құрылу процессінде кездескен қиыншылықтарға қарамастан, Орталық ғылыми кітапхана елімізде ғылым, білім және мәдениеттің дамуына зор үлесін қосуы баяндалады. Сонымен қатар мақалада кітапхананың құрылуынан бастап 1960 жылдар аралағына дейінгі кезеңдеріне шолу жасалынылады. Кітапхананың дамуына әсер еткен негізгі жаңалықтар кезеңдер арқылы көрсетілді.

Түйін сөздер: Орталық ғылыми кітапхана; ақпарат; ақпараттық ресурстар; ақпараттық технологиялар; кітап қоры; ғылыми-ақпарат; библиография

Кіріспе

Кітапханалардың өміршең болуы білімді болашақ ұрпақ келбетінің жарқын көрінісі. Елімізде кітапхана қызметінің мәселесін сапалы тұрғыдан оңтайлы шешу, адами құнды капитал қалыптастыру тұжырымдамасын анықтау, кітапхана қорын цифрландыру, жасанды интелектің көмегімен ақпараттың қолжетімділігін заңнамалық негізде қамтамасыз ету қазіргі уақыттағы өзекті мәселелердің бірі. Бүгінгі таңда Қазақстандағы кітапхана ісінің қалыптасу тарихы мен даму мәселесін ғылыми тұрғыда қарастыру маңызды болып табылады. Ал соның, ішінде Орталық ғылыми кітапхананың қалыптасу тарихы мен қызметін зерделеу, қазіргі таңда өзекті тақырыптардың бірі ретінде саналады. Бұл үшін 90- жылдық тарихы бар кітапхана ісіне байланысты мұрағаттық тарихи дереккөздерін жан-жақты зерттеу қажет. Осыған байланысты

мақалада жалпы жарық көрген ғылыми зерттеулер, мұрағаттық деректер, Орталық ғылыми кітапхана тарихына байланысты дереккөздерді кешенді зерттеу осы өзекті мәселені одан да тереңірек ашып, тарихи дерек ретінде талдау негізінде қарастырылады. Мұрағат қорларындағы деректер жалпы кітапхана тарихына байланысты тың өзекті мәселелерді толық қанды ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Мақалада Орталық ғылыми кітапхананың Отандық ғылымның дамуына қосқан үлесі, ұлт зиялылары қалыптасуына тигізген әсерін анықтау арқылы, кітапхана қызметінің рухани мәдениетіндегі көрінісі жазбаша құнды деректер негізінде қарастырылады. Ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты Орталық ғылыми кітапхананың XX ғасырдың 1932-1960 жж. аралығындағы қызметін толық қанды қарастыру, Кеңестік саясаттың кітапхана жұмысына тигізген әсерін анықтау арқылы ғылыми айналымға енгізу болып табылады. Республикамызда ғылым, білім және мәдениетті дамытуда Орталық ғылыми кітапхананың қосқан үлесін ашып көрсету жұмыстың негізгі міндеті болып табылады. Орталық ғылыми кітапхананың ғылыми, ақпараттық-библиографиялық қызметінің бағыттарын және кітап қорын жасақтау, өңдеу, анықтамалық-библиографиялық жұмыстарына талдау жасау арқылы ғылыми зерттеу әдісіне ерекше мән беріледі. Жұмыстың қысқаша сипаты, оның құрылымына қойылатын негізгі талаптарға сәйкес келеді.

Материалдар мен әдістер

Тақырыпты зерттеуде мұрағат қорларындағы деректерді жинау, кітапхана ісі бойынша жазылған ғылыми еңбектерге, әдебиеттерге жан-жақты шолулар жасалды. Мақаланы жазу барысында материалдарды сұрыптау, салыстыру және жүйелеу әдістері қолданылды. Зерттеуде талдау, сұрыптау және жүйелеу әдістері қолданылды. Жүйелі әдістің көмегімен талдауды деректер қоры анықталады. Зерттеу жұмысында Орталық ғылыми кітапханаға байланысты Кеңес үкіметі тұсында жарыққа шыққан еңбектер және жаңа сыни көзқарас тұрғысында жазылған ғылыми зерттеулер салыстырмалы түрде ашылып көрсетілді. Сонымен қатар, нақты заңдылықты қажет ететін деректанулық зерттеу әдісіне ерекше мән берілді. Алдымызға қойылған міндеттерді толығымен ашып көрсету үшін жалпы ғылыми әдіс-тәсілдер қолданылғанын айта кеткен жөн. Зерттеу жұмысының деректік негізін Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінің 1781-қорларының құжаттары құрайды. Сондай-ақ, Орталық ғылыми кітапхана қызметіне байланысты ҚР ҒОБА (Қазақстан Республикасының Ғылым Ордасының ведомостволық архиві) 10-қорының материалдары негізінде талдау болды. Архив қорларынан алынған деректер біраз мәселенің бетін ашуға, көмегін тигізді. Зерттеудің негізін құрайтын материалдар хронологиялық оқиғаларды, құқықтық нысандардың мазмұнын ескере отырып зерттелді және талданды. Қорыта алғанда, аталған зерттеу әдістері біздің тарапымыздан қарастырылып отырған тақырыпты толығымен ашуға, оның жекелеген тұстарын тиянақты түрде зерделеуге мүмкіндік береді деген сенімдеміз.

Талқылау мен нәтижелер

Тоқсан жылдан астам тарихы бар Орталық ғылыми кітапхананың қалыптасу тарихы мен қызметі жеке ғылыми тақырып ретінде арнайы зерттеу нысанына айнала қойған жоқ. Бірақ-та, еліміздегі кітапхана тарихы бойынша жазылған зерттеулер мен ғылыми мақалаларда жалпылама аталып өткен. Тақырыпты зерделеу барысында кітапхана қызметіне байланысты мәліметтер зерттеуші ғалымдардың назарында болып, зерттеу объектісіне айналып, ғылыми құнды еңбектердің жазылуына алып келді. Сондай-ақ, кеңестік ғалымдарының еңбектерінде кітапхана ісінің қалыптасуы мен дамуы Социалистік идеология, партиялық принцип тұрғысынан қарастырылды. Көпшілік кітапханалар туралы мәліметтер мерзімді басылым беттерінде жарияланып отырылды. Атап айтар болсақ, онда кітапхана туралы Ереже, кітапхананың қызметі әрдайым мемлекеттің қамқорлығында және бақылауында болатындығы, республика деңгейіндегі маңызды мемлекеттік мекеме ретінде заңды мәртебе берілгендігі туралы құжаттар жарияланып отырылған. Бірқатар зерттеулерге тоқтала кетер болсақ, Н.К. Даулетова мен Е.Н. Шмелеваның бірігіп жазылған ғылыми еңбегінде Кеңестік Қазақстандағы

кітапхана ісінің қалыптасу тарихы мен қызметін жетілдіруге және жалпы мәдени құрылыстың дербес саласы ретіндегі кітапхана жұмысын қалыптастыру қызметін қарастыра отырып, XX ғасырдың 1917-1985 жж. аралығында жалпыға бірдей қолжетімді кітапханалар құру жұмысы және Лениндік мәдени революцияның жоспарын жүзеге асырудың заңды қорытындысына тоқталады (Даулетова, 2009). А.С. Федулин мақаласында республикамыздағы кітапханалар жұмысында елеулі кемшіліктер барын атап көрсетеді. Орталық ғылыми кітапхана қызметіне тоқтала кетеді, кітап қорларын толықтыру, оқырманға қызмет көрсету, кітапханалар үшін әдістемелік орталықтар болып табылатын олардың жұмысында өзара байланыс жүйесі жоқ екендігін нақты айтады. Бұл кемшіліктердің барлығы республикада әдістемелік жұмысты нақты ұйымдастырудың болмауына байланысты деп қорытындылайды (Федулин, 1962). Е.Н. Шмелеваның "Қазақстандағы кітапхана құрылысы 1917-1945 жылдары" атты еңбегінде кітапхана құрылысының тарихын хронологиялық ретпен қарастырады: 1918-1920 жж., 1921-1925 жж., 1926-1932 жж., екінші және үшінші бесжылдық жылдар, Ұлы Отан соғысы кезеңі. Автор еңбегінде "Халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңіндегі Қазақстанның кітапханалық құрылысына саяси-экономикалық жағдайлардың әсерін көрсете отырып, мемлекеттік-партиялық құжаттарға сүйене отырып мәліметтер келтіреді (Шмелева, 1979). Тәуелсіздік жылдары шыққан ғылыми еңбектер қатарына, 1994 жылы қазақ тілінде Н.К. Дәулетова мен Қ. Нұрахметованың "Қазақстандағы кітапхана ісінің тарихы" атты еңбегін атап өту жөн болады. Еңбекте жалпы еліміздегі көпшілік кітапханалардың қызметі баяндалады. Сондай-ақ, Орталық ғылыми кітапхананың ашылу тарихына шолу жасайды (Даулетова, 2009). Сонымен қатар, 2008 жылы Р.А. Бердіғалиеваның "Қазақстандағы кітапхана ісі" атты ғылыми мақаласы жарық көрді. Бұл зерттеуде Орталық ғылыми кітапхана тарихына және ғылыми зерттеу жұмыстарының тақырыптарының өзектілігіне байланысты мәселелер қарастырылған (Бердіғалиева, 2008). Сонымен қатар, құнды жинақтардың ішінде Орталық ғылыми кітапхананың 70 -жылдық мерейтойына арналған «Мұра» атты ұжымдық еңбек жарыққа шықты. Ғылыми жинақ үш бөлімнен тұрады. Бұл еңбекте кітапхана оқырмандарының атап айтар болсақ, академик, ғылым докторлары мен қоғам қайраткерлерінің естеліктері топтастырылып берілген (Әбуғалиева, Бірімжарова, Қаймақбаева, 2002). Жоғарыдағы аталған еңбектерді қарастыра отырып, Орталық ғылыми кітапхананың ғылыми тұрғыда зерттеу объектісіне айналып, жан-жақты зерттелуді қажет ететіндігі туралы тұжырым жасауға болады. Аталған зерттеуде негізінен архив қорларындағы дерек көздеріне сүйене отырып, Орталық ғылыми кітапхана қызметінің аспектілерін толық қанды тұжырымдар жасауға мүмкіндік аламыз. Архивте сақталатын құжаттардың негізгі бөлігі нақтылап айтсақ, XX ғасырдың 1930 жылдарынан бастау алады. Алайда, Орталық ғылыми кітапхана қызметі бойынша деректік құжаттық жинақтар жарық көрген жоқ. Оның себебі, тақырып бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарының аз болуы. Сондай-ақ, зерттеу барысында негізінен архив қорларындағы дерек көздеріне сүйене отырып, Орталық ғылыми кітапхана қызметінің тұжырымдарын толығырақ ашып көрсету болып отыр. КОКП мен Қазақ өлкесінің партия комитетінің съездері және Пленумдарында қаралып, соның нәтижесінде қабылданған шешімдерін зерттеу барысында, коммунистік партияның аталған мәселеге байланысты көзқарастары анықталды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарына қатысты деректік базаны мемлекеттік және партиялық құжаттар құрайды. Кеңес өкіметі тұсында кітапханалардың қызметі мемлекеттің қамқорлығында болғандығымен түсіндіріледі. Қазақстанда жүргізілген тарихи зерттеулер XX ғасырдың алғашқы жылдарында қолға алына басталды. Ғылыми мекемелер жүйесі мен зерттеу жұмыстары көлемінің ұлғаюы, КСРО Ғылым Академиясының қазақстандық базасын ашуға мүмкіндік берді. Елімізде алғашқы кітапханалардың пайда болуы, Қазақстанда ғылымның қалыптасуы және дамуымен тікелей байланысты болды. 1932 жылы КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық базасында алғашқы ғылыми кітапхана құрылады, ол 1934 жылы КСРО ҒА Қазақстандық базасын КСРО ҒА Қазақ филиалы етіп қайта құру кезінде де өз жұмысын жалғастырып оқырмандарға қызмет көрсетіп отырды. Бұл кезең елімізде тұңғыш ғылыми қорды ұйымдастырудың бастапқы іргетасы болып табылады. (ҚР ҒОБА. 10-қ. 1-т. 8

іс. 18-п.). Қарастырып отырған жылдары кеңестік идеология ең басты құрал болғандығын Қазақстан Республикасы Ғылым Ордасының Ведомстволық Архиві (ҚРҒОВА) 10-қордың 1,3,8,12,61-істерінен зерделенген төмендегі құжаттар да дәлел бола алады. Жаңадан ашылған ғылыми кітапхананы басқаруды Ғылым Академиясының ғалымдары жүзеге асырды. Орталық ғылыми кітапхана қызметкерлерінің кадрлық құрамы үнемі өзгерістерге ұшырап отырды. Оның себебі, кітапхана басшылығына тағайындалған басшылар ғалымдар қатарынан тағайындалды, олар кітапхана жұмысымен таныс болмады, кәсіби кітапханашылар, білікті, тәжірибелі кадрлар болмады. Кітапхананың бірінші басшыларының пікірінше, олар кітапхананы басқаруды өздерінің ғылыми қызметімен ұштастырды және бұл олардың жиі ауысуын түсіндірді. Орталық ғылыми кітапханада кадр мәселесі бірқатар объективті себептерге байланысты қиындықпен шешіліп отырылды. Арнайы білікті, білімді мамандардың өткір тапшылығы кітапхана құрылған жылдан –ақ байқалды. Кітапхана қызметінің сапалық көрсеткіші ол тікелей білікті басшымен тығыз байланысты. Біз қарастырып отырған жылдары кітапхананы басқарған ғылым мен ұйымдастырушылық қызметті қатар атқарған басшыларға келер болсақ: 01.09.1932-02.1933 жж. аралығында кітапхананың тұңғыш меңгерушісі Е.Р. Тяпкин бекітілген болатын, 02.1933-08.1933 жж. аралығында кітапхананың ғылыми меңгерушісі З.С. Катцнельсон., ал кітапхана меңгерушісі болып А. Попова қызмет атқарды. 1933 жылдың тамызынан 1934 жылдың наурызына дейін кітапхана меңгерушісі болып Тарих-археологиялық комиссия бойынша 1-разрядты ғылыми қызметкер Хасембек Исатаев қызмет атқарды. Сондай-ақ, кітапхананың дамуына әр жылдары басшылық қызметте болған А.К. Синицына., В.Ф. Фисенко және М.Н. Андрееваның қосқан үлестері болды. Орталық ғылыми кітапхана жұмысын бір жүйеге келтіріп, одан әрі дамуына зор үлес қосқан Сарра Моисеевна Рейдер болды. Ол 1937-1939 жж. кітапханашыларға арналған жоғары курсы бітірген, кәсіби жоғары білікті маман ретінде, 1945-1949 жж аралығында ғылыми кітапхананы басқарды. 1949-1957 жж аралығында ғылыми кітапхана басшылығына Федор Васильевич Жизневский тағайындалды. Ол 1939 жылы Н.К. Крупский атындағы Коммунистік саяси-ағартушылық институты бітірген, жоғары білімі бар кәсіби маман болды. Кітапхана қызметінің сапалық көрсеткіші ол тікелей білікті басшымен тығыз байланысты. 1957 жылы ғылыми кітапхана басшылығына Нурхан Батишева Ахмедова тағайындалады. Жаңадан тағайындалған директор және ұжымының алдында қызмет көрсету жүйесін жетілдіру және оқырмандардың құрамын қалыптастыруға қатысты жұмыс бойынша күрделі, нақты міндеттер тұрды. Аталған басшылар кітапхана жұмысын ұйымдастырумен қатар оның одан әрі дамуына өз үлестерін қосты (ҚР ҒОВА. 10-к. 1-т. 5 іс. 1-п.). Жаңадан ашылған кітапхана еліміздегі ғылымды зерттеу ошағына айналған, бірден бір ғылыми мекеме болды. Кітапхананың материалдық техникалық базасы баяу қалыптасты, қажетті материал құрал жабдықтардың болмауы жұмыстың дамуына кедергі келтірді. Алғашқы уақытта кітапхана жұмысына мемлекет тарапынан қаржының мардымсыз бөлінуі, жоғары кәсіби білікті мамандардың жоқтығы, білім мен тәжірибенің аздығы көп әсерін тигізді. Кітапхана басшыларының негізгі алдында тұрған міндеттері, өзекті мәселелердің бірі кадрлық потенциалды нығайту, сол арқылы кітапхананы жұмысын жоғарғы деңгейге көтеру, ғылыми нәтижелер мен табыстарға жету, басқа Одақтас республикалардың ғылыми кітапханаларымен іскерлік байланысты нығайту, ғылыми зерттеу дәрежесін көтеру, ұжымда шығармашылық ахуал қалыптастыру, социалистік міндеттемелерді орындау үшін , ұжымдағы тәртіпті жөнге салу болды. Құрылған сәттен бастап кітапханада жұмыс істейтін мамандардың негізгі міндеті ғалымдарға қызмет көрсету және кітаптар жинау жұмысы болды. Кітап қорының бастапқы негізі КСРО Ғылым академиясының баспасынан сыйлық ретінде жіберілген кеңес ғалымдарының еңбектері болды. Жылдан-жылға, кітапхана КСР Ғылым академиясының Қазақстандық базасы ғалымдарының зерттеу тақырыптары бойынша әдебиеттермен белсенді түрде толықтырыла басталды. 1935 жылдың басында қорда жаратылыстану ғылымдары мен математика бойынша 10 мың томдық ғылыми басылымдар болды (ҚР ҒОВА. 10-к. 1-т. 8 іс. 18-п.). Ботаникалық, географиялық және геологиялық бағыттағы алғашқы секторлардың құрылуы, кітапхана жұмысының жаратылыстану-ғылыми бағытта жұмыс істейтінін бағыттап

берді. Алғашқы уақытта, екіншіке орай архив қорларында ғылыми кітапхананың жылдық есептеріне байланысты құжаттар өте аз. Себебі кітапханада оқырмандар санын есепке алмаған, кітап қорындағы әдебиеттер есепке алынбаған, картотекалық жұмыс жүргізілмеген. Бұндай нәтиже, кітапханада білімі бар мамандардың болмауымен байланысты. Сол кезеңге дейін 35 мың баспа басылымын құраған қор ескерілді (ҚР ҒОБА. 10-қ. 1-т. 8 іс. 18-п.). КСРО Ғылым Академиясының қазақстандық базасының Президиумының төрағасы болып академик А.Н. Самойлович тағайындалды. 1938 жылы КСРО Ғылым Академиясының қазақ филиалы болып қайта құрылады. 26 қазан 1945 жылы КСРО Халық комиссарлар кеңесінің қабылданған шешіміне орай КСРО ҒА Қазақстандық филиалы, енді Қазақ КСР-нің ҒА болып қайта құрылды. 1 маусым 1946 жылы КСРО ҒА Қазақстандағы бөлімі негізінде Қазақ КСР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы құрылады (ҚР ҒОБА. 10-қ. 1-т. 61 іс. 30-п.). Кітапхана жұмысының дамуы және ғылыми деңгейінің арттыру жолындағы қызметін қадағалап, бағыт-бағдар беру жолын реттеуді ҚазССР Ғылым Академиясының бірінші Президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев тікелей өз қадағалауына алды. Осы кезеңнен бастап Орталық ғылыми кітапхананың қалыптасу, дамуының жаңа және негізгі кезеңдері басталды. Алғашқыда кітап қоры КСРО Ғылым академиясының сыйға тартқан 2000 дана ғылыми еңбектен құралды. 1946 жылы құрылған Қазақ КСР-і Ғылым академиясының бірінші мәжілісінде атауы Орталық ғылыми кітапхана болып өзгертілді. Сол жылы кітап қорына 74258 басылым, 15000 дана шетелдік әдебиет жинақталып, КСРО кітапханаларымен және ғылыми мекемелерімен кітап алмасу жолға қойылды (ҚР ҒОБА. 10-қ. 1-т. 3 іс. 6-п.).

Ал, енді кітапхананың жұмыс атқару жүйесіне келер болсақ, құрылған жылы оның құрамында төмендегідей бөлімдер жұмыс істеді.

1. Кітаптарды жинақтау және айырбастау
2. Каталогтарды өңдеу
3. Кітап сақтау және оқырмандарға қызмет көрсету
4. Қазақ әдебиеті
5. Шетел әдебиеті
6. Шығыс әдебиеті
7. Анықтамалық-библиографиялық
8. Қолжазба (ҚР ҒОБА. 10-қ. 1-т. 13- іс. 2-п.).

Орталық ғылыми кітапхана қызметінің библиографиялық ақпарат жасауды және оны оқырманға жеткізуді көздеген анықтамалық-библиографиялық және ақпараттық жұмысы аса маңызды бағыттардың бірі болды. Кітапхана өз қызметінің алғашқы жылдарында-ақ ұлттық библиографияны дамыту міндетін қойды. Орталық ғылыми кітапханада 1945 жылға дейін библиографиялық жұмыс жүргізілмеді (ҚР ҒОБА 10-қ., т. 1., іс. 5, 6-16). Анықтамалық-библиографиялық жұмысты жүргізу үшін, 1946 жылы штаттық кесте негізінде кітапхананың бірнеше құрылымдық бөлімі жұмыс істей бастады. Осы жылы анықтамалық-библиографиялық бөлім құрылды. Бөлім ауызша және жазбаша анықтамалар, ұсыныстық тізімдер жасаумен және библиографиялық кеңестер жүргізумен айналысты. Қызмет көрсету кітапхананың анықтамалық-библиографиялық ақпаратының, атап айтқанда, анықтамалық-ақпараттық қор мен картотекалар негізінде құрылды. Ақпараттық-библиографиялық бөлім анықтамалармен, энциклопедиялармен және библиографиялық көрсеткіштермен жақсы толықтырылған қор жұмыс істеді. 1946 жылы кітапхана жаңа ғимаратқа көшіріледі, кітапхананың материалдық техникалық базасы барлық талаптарға сай болды (ҚР ҒОБА. 10-қ. 1-т. 12 іс. 14-п.). 10 қазан 1946 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының Президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың қатысуымен кітапхана қызметіне байланысты кезекті отырыс болып өтеді. Күн тәртібінде бір ақ мәселе Кітапхана кеңесін құру болды. Отырысты Қ.И. Сәтбаев қорытындылады. Жаңадан құрылған кітапхана кеңесінің құрамына Н.Л. Кассин (төраға), М.О. Әуезов, Н.Т. Дюсенбаева, С.М. Рейдер, Н.Ц. Базанова кірді (ҚР ҒОБА. 10-қ. 1-т. 3 іс. 6-п.). Кітапхана кеңесі тұрақты жұмыс істеді. Кітапхана кеңесінің құрамын Орталық ғылыми кітапхана директорының ұсынысы бойынша Қазақ КСР Ғылым академиясының Төралқасы

бекітеді. Одақтас мемлекеттердің ғылыми кітапханаларымен байланыс орнату, шетел және шығыс әдебиеттерімен кітап қорын толықтыру және гуманитарлық бағытта кітап алмасу жұмысын жандандыру жоспары мақұлданды. Сондай-ақ, кітапханаға байланысты барлық ұйымдастырушылық жұмысты қадағалауды ретке келтіру болды (ҚР ҒОБА. 10-қ. 1-т. 3 іс. 9-п.). Кітапхана кеңесінің жан-жақты жедел жұмыс істеуінің барысында көптеген нәтижелі жұмыс атқарылды. 1947 жылдан бастап ғылыми-зерттеу мекемелерінің тақырыптары бойынша міндетті ақылы басылымдар және Москва, Ленинград, Рига, Львов, Ташкенттің ірі кітапханаларының дублеттік қорларынан да кітаптар алына бастады. ҚазССР ҒА бірінші президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың бастамасымен Кеңестер Одағының атақты ғалым-академиктері В.Л. Комаров, А.Д. Архангельский, Н.С. Курнаков және Д.К. Зелениннің жеке кітапханалары алынды. Бұл ғылыми құнды кітапханалар Орталық ғылыми кітапхананың кітап қоры сапасының маңыздылығын арттырды. Соғыстан кейінгі кезеңде, 1947 жылдан ғылыми-зерттеу институттары ақылы негізде ғылыми еңбектер жіберіп тұрды. Қазақ өлкесінен шыққан атақты ғұламалар, қоғам қайраткерлері қазақ библиографиясының өркендеуіне жол ашып берді. 1949 ж. Ғылым Академиясының Төралқасы бекіткен Ережеге сәйкес Қазақ КСР ҒА Орталық ғылыми кітапханасы «Кітапхана ісі мен ғылыми-библиографиялық жұмысты ұйымдастыру саласындағы Қазақ КСР ҒА бас кітап қоймасы және жетекші ұйымы болып табылады» делінген (ҚР ҒОБА. 10-қ. 1-т. 5 іс. 14-п.). 1949 жылдан Қазақстандағы өлкетану библиографиясының дамуындағы жаңа кезең ашылды. Оның дамуына Қазақстан КП ОК қаулысы мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1947 жылғы 20 қыркүйектегі «Кітапханалардың жұмысын жақсарту шаралары туралы» шешімі септігін тигізді, осы құжаттарда барлық түрдегі өлкетану библиографиясын кеңейту, ірі кітапханалардың анықтамалық-библиографиялық бөлімдерін күшейту қажеттілігі көрсетілді. (ҚР ОММ 1781-қ, 1-т, іс-270, п-4). 1950 жылға қарай кітапхана қоры 152 мыңға дейін жетіп, екі есе көбейді. 1957 жылдан «Қазақстан 1955 жылдағы библиографиясы», «Қазақстан 1958 жылдағы библиография» тіркеу көрсеткіштері шығарылды. Осы басылымдардың жалпы көлемі 94 баспа табақ, таралымы 22,0 мың дана болды. Орталық ғылыми кітапхана ұжымы КСРСР Кітап палатасымен бірге «Қазақ кітабының репертуарын» құрастыру жұмысын бастап кетті XX ғасырдың 50-шы жылдарында Орталық ғылыми кітапхананың библиографиялық қызметі қарқынды жұмыс істей бастады. Қазақ КСРСР Ғылым Академиясы басылымдарының бес жылдық (1945-1950 жж) алғашқы көрсеткіші шықты. 1951 жылы Қазақ КСРСР ҒА Төралқасының шешімінің негізінде ғылыми-зерттеу институттарының жанынан Орталық Ғылыми кітапхана филиалы құрылды (ҚР ҒОБА. 10-қ. 1-т. 14- іс. 1-п.). 1959 жылы сирек кітаптар қоры құрылды. Қ. Сәтбаев, М. Әуезов, І. Кеңесбаевтың бастамасымен қолжазба қоры, қазақ ғылыми әдебиеттері қоры құралып, Орталық Азия халықтарының тарихы мен мәдениеті жөніндегі мәлімет көздері және шығыс әдебиеті жинақтала бастады. Кітапханалар еліміздегі интеллектуалды деңгейінің артуына зор ықпал ететіні, заманауи технологиялар ғасырында әдеби мұрамызды сақтап қалу, сирек кітап қор басылымдарын қалпына келтіру оны келешек ұрпаққа жеткізу өзекті мәселенің бірі болып табылады. Электрондық ақпараттық ресурстардың пайда болуы кітапханалар мен ақпараттық орталықтардың жұмысына айтарлықтай әсер еткендігін айта аламыз.

Қорытынды

Кеңестік кезеңде Орталық ғылыми кітапхана- аса ірі ғылыми кітаптар қоры мол, мәдени-танымдық және ақпараттық мекеме ретінде танылып, орны мен беделі арта түсті. Орталық ғылыми кітапхананың қызмет көрсету шеңбері жыл сайын өзгеріп, жаңа тұрғыдан кеңейтіліп отырылды. Кітапхана кітап қорын толықтыру, халықаралық кітап айырбасы, оқырмандарға қызмет көрсету, анықтамалық-библиографиялық ақпараттар беру қызметімен қатар, бұқаралық мәдени шаралар өткізуді, Кеңес Одағының атақты ғалымдарымен кездесулер ұйымдастырып олардың дәрістерін тыңдау, құнды құжаттар, деректері мен өнер туындыларын қалпына келтіру, сақтау, өңдеу жұмыстарыда жүргізілді. Аталған жылдары, кітапхананың өсіп

өркендеуіне кітапханашылардың өз мамандығына деген адалдығы, сүйіспеншілігі және кәсіби шеберліктері ықпалын тигізді. Кітапхана ұжымының сандық және сапалық құрамында өзгерістер болып отырылды. Одақ көлемінде кітапханашы мамандығын бітірген кәсіби білікті мамандармен қызметкерлер қатарын толықтырылды. Сондай-ақ, ғылым саласында тер төгіп жүрген ғалымдар мен зиялы қауымда көмек беруде аянып қалған жоқ. Сонымен, Орталық ғылыми кітапхана республикада ғылым саласы мен қатар білім, мәдениет салаларын дамытуға өз үлесін тигізді. Бұл зерттеу Орталық ғылыми кітапхананың қалыптасу тарихы мен дамуы, жалпы анықтамалық, ғылыми-библиографиялық, ақпараттық-танымдық мәліметтер туралы түсінік береді деген ойдамыз. Бұл зерттеудің нәтижелері кітапхана, мұрағат және ғылыми қызметкерлеріне қажеті мол. Сондай-ақ, тарих және қоғамдық ғылыммен айналысатын зерттеушілер үшін ақпараттық маңызы зор. Қорытындылай келе, бүгінгі таңда кітапханалардың өміршең болуы білімді ұрпақ пен жарқын келешектің келбетінің көрінісі, жасанды интеллект ғасырында мәдени институт мәртебесін сақтап қалуына қоғамның үлесі зор екендігін атап өткіміз келеді.

Пайдаланған әдебиеттер

- Бердіғалиева Р.А. Библиотечное дело Казахстана / Библиотечное поле Казахстана: события и факты-Астана, 2008-60с.
- Даулетова Н.К., Шмелева Е.Н. История становления и развития библиотечного дела в Казахстане Алматы, 2009-41с.
- Дәулетова Н.К., Нұрахметова Қ Қазақстандағы кітапхана ісінің тарихы. Алматы, 1994-51б.
- ҚР ҒОВА. Қ.10.Т.1. Іс.3. 9.п.
- ҚР ҒОВА. Қ.10. Т.1. Іс. 14. 1.п.
- ҚР ҒОВА. Қ.10. Т.1. Іс.12. 14.п.
- ҚР ҒОВА. Қ.10. Т.1. Іс.13. 2.п.
- ҚР ҒОВА. Қ.10. Т.1. Іс.3. 6.п.
- ҚР ҒОВА. Қ.10. Т.1. Іс.3.6.п.
- ҚР ҒОВА. Қ.10. Т.1. Іс.5. 16.п.
- ҚР ҒОВА. Қ.10. Т.1. Іс.61.30.п.
- ҚР ҒОВА. Қ.10. Т.1. Іс.8. 18.п.
- ҚР ҒОВА. Қ.10. Т.1. Іс.8. 18.п.
- ҚР ҒОВА. Қ.10. Т.1. Іс.8.18.п.
- ҚР ҒОВА. Қ.10.Т.1. Іс. 5. 14.п.
- ҚР ҒОВА.Қ.10. Т.1. Іс.5. 1.п.
- ҚР ОММ. Қ.1781.Т.1. Іс.270. 4.п.
- Мұра. Орталық ғылыми кітапхананың 70-жылдық мерейтойына арналады /Құрастырушылар: Әбуғалиева К.К., Бірімжарова Р.Т., Қаймақбаева Қ.Е. - Алматы, 2002. – 43б
- Федулин А.С. Библиотечную работу – на уровень новых задач // Библиотеки Казахстана. Выпуск №2, Алма-Ата, 1962. –18с.
- Шмелева Е.Н. Библиотечное строительство в Казахстане в 1917-1945 годы // Библиотековедение в Казахстане : сборник научных статей. Алма-Ата, 1979 - 23с.

А.Б. Нургазаева^{1*}, К.Т. Туенбаева²

¹Международный инженерно – технологический университет (Алматы, Казахстан)

²Казахский Национальный Университет имени аль - Фараби (Алматы, Казахстан)

ИСТОРИЯ МОДЕРНИЗАЦИИ И РАЗВИТИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ НАУЧНОЙ БИБЛИОТЕКИ (1932-1960 гг.)

Аннотация. В статье рассматриваются исторические предпосылки создания Центральной научной библиотеки Казахстана в 1930-е годы XX века, основные направления её

становления, принципы организации, управления и координации библиотечной деятельности. На основе анализа архивных материалов исследуются этапы развития научной, информационно-библиографической и культурно-просветительской работы библиотеки в период 1932-1960 гг. Особое внимание уделено влиянию советской государственной политики на формирование структуры библиотеки, комплектование и организацию книжного фонда, развитие справочно-библиографического направления, а также установление профессиональных связей с другими научными библиотеками Советского Союза. Рассматриваются основные достижения и трудности, сопровождавшие процесс становления Центральной научной библиотеки как одного из ведущих научно-информационных учреждений республики. В статье проведён анализ отечественной историографии по проблеме развития библиотечного дела в Казахстане, выявлены основные этапы институционального развития Центральной научной библиотеки от момента её создания до 1960-х годов. Показано, что деятельность библиотеки была тесно связана с историей формирования Национальной академии наук Казахстана и сыграла значительную роль в обеспечении научных исследований, образовательного процесса и культурного развития республики.

Ключевые слова: Центральная научная библиотека; книжный фонд; кадровая проблема; научно-информационная библиография; информация, информационный ресурс; информационные технологии.

A.B. Nurtazayeva^{1*}, K.T. Tuenbayeva²

¹*International Engineering Technological University (Almaty, Kazakhstan)*

²*Al – Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)*

HISTORY OF MODERNIZATION AND DEVELOPMENT OF THE CENTRAL SCIENTIFIC LIBRARY (1932-1960)

Abstract: The article examines the historical factors of the creation of the Central Scientific Library in Kazakhstan in the 30s of the twentieth century, the main priorities and methods of formation, the history of coordination and management of the library. The article describes the history of the development of scientific, information and bibliographic activities of the Central Scientific Library based on data from archival collections. The article examines the activities of the Central Scientific Library in the period 1932-1960. The influence of Soviet policy on the work of the library was determined in the twentieth century. No one can deny the great contribution of the Central Scientific Library to the development of science, education and culture in the republic. Since its creation, the scientific library has been directly linked to the history of the National Academy of Sciences. From 1932 to 1960, it went through many hardships and became the most prestigious institution professionally. Within the framework of the Union, contacts with other scientific libraries and career guidance were conducted, the formation and processing of the book collection, the analysis of reference and bibliographic work, and the history of the activities and achievements of the Central Scientific Library were revealed. Despite the difficulties encountered in the creation process, the Central Scientific Library makes a great contribution to the development of science, education and culture in the country. The article provides a theoretical analysis of the work of Russian scientists on this topic. The article also provides an overview of the periods from the creation of the library to the 1960s. The main innovations that influenced the development of the library were demonstrated in stages.

Keywords: Central Scientific Library; book collection; personnel problem; scientific and information bibliography; information, information resource; information technology.

References

Berdigalieva R.A. Librarianship of Kazakhstan / Library field of Kazakhstan: events and facts - Astana, 2008-60s.

- Dauletova N. K., Nurakhmetova K. history of librarianship in Kazakhstan. Almaty, 1994-51s.
- Dauletova N.K., Shmeleva E.N. The history of the formation and development of librarianship in Kazakhstan, Almaty, 2009-41s.
- Fedulin A.S. Library work-to the level of new tasks. // Libraries of Kazakhstan. Issue No. 2, Alma Ata, 1962-18s.
- Legacy. The center is dedicated to the 70th anniversary of the Scientific Library./ Compilers: Abugalieva K. K., Birimzharova R. T., Kaimakbaeva K. E. Almaty, 2002-43s.
- Shmeleva E.N. Library construction in Kazakhstan in 1917-1945 // Library science in Kazakhstan : collection of scientific articles. Alma Ata, 1979- 23s.
- ҚРОМА.Қ. 1781. Т.1. Is.270. 4.p.
- ҚР ГОБА. Қ.10.Т.1. Is.5.1. p.
- ҚР ГОБА. Қ.10.Т.1. Is.14.1. p.
- ҚР ГОБА. Қ.10.Т.1. Is.3.6.p.
- ҚР ГОБА. Қ.10.Т.1. Is.5. 14.p.
- ҚР ГОБА. Қ.10.Т.1. Is.61.30.p.
- ҚР ГОБА. Қ.10.Т.1. Is.8.18.p.
- ҚР ГОБА. Қ.10.Т.1. Is.13.2.p.
- ҚР ГОБА. Қ.10.Т.1. Is.3. 9.p.
- ҚР ГОБА. Қ.10.Т.1. Is.12.14.p.
- ҚР ГОБА. Қ.10.Т.1. Is.3.6.p.
- ҚР ГОБА. Қ.10.Т.1. Is.5. 16.p.
- ҚР ГОБА. Қ.10.Т.1. Is.8.18.p.
- ҚР ГОБА. Қ.10.Т.1.-p. Is.8.18 .p.

Авторлар туралы мәлімет

Нуртазаева Алима Бериккараевна – тарих магистрі, Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан.

Туенбаева Калима Толеубаевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, ассистент профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Нуртазаева Алима Бериккараевна – магистр истории, Международный инженерно-технологический университет, Алматы, Казахстан.

Туенбаева Калима Толеубаевна – кандидат педагогических наук, ассистент профессора, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Information about authors:

Nurtazayeva Alima_Berikkaraevna – Master's Degree in History, International University of Engineering and Technology, Almaty, Kazakhstan.

Tuenbayeva Kalima Toleubaevna – Candidate of Pedagogic Sciences, assistant professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Авторлардың үлесі

Нуртазаева Алима Бериккараевна – зерттеудің жалпы ғылыми бағытын айқындап, мақала тақырыбы бойынша тұжырымдамалық негізін қалыптастырды. Зерттеудің теориялық және әдіснамалық ұстанымдарын жүйелеп, мақсаты мен міндеттерін нақтылады. Негізгі аналитикалық бөлімді әзірлеп, 1932–1960 жылдар аралығындағы Орталық ғылыми кітапхана

қызметінің жаңғыруы мен даму үдерісін тарихи тұрғыдан талдады. Тарихнамалық еңбектер мен архивтік деректерді саралау арқылы негізгі ғылыми қорытындыларды тұжырымдады.

Туенбаева Калима Толеубаевна – зерттеу тақырыбына қатысты тарихи және тарихнамалық материалдарды іріктеу мен жүйелеу жұмыстарына белсенді қатысты. Ғылыми әдебиеттерге кешенді библиографиялық талдау жүргізіп, мәселенің зерттелу деңгейін айқындауға бағытталған мазмұндық толықтырулар енгізді. Мақала мәтінін ғылыми тұрғыдан өңдеуге атсалысып, оны басылым талаптарына сәйкес рәсімдеу барысында техникалық және редакциялық қолдау көрсетті.

Вклад авторов

Нуртазаева Алима Бериккараевна – определила общую научную направленность исследования и сформировала концептуальные основы статьи по заявленной теме. Систематизировала теоретические и методологические подходы исследования, конкретизировала его цель и задачи. Подготовила основной аналитический раздел статьи, осуществила исторический анализ процессов модернизации и развития деятельности Центральной научной библиотеки в 1932–1960 гг. На основе анализа историографических трудов и архивных источников сформулировала ключевые научные выводы.

Туенбаева Калима Толеубаевна – активно участвовала в отборе и систематизации исторических и историографических материалов по теме исследования. Провела комплексный библиографический анализ научной литературы, внесла содержательные уточнения, направленные на определение степени изученности проблемы. Принимала участие в научном редактировании текста статьи, а также обеспечила техническое и редакционное сопровождение оформления материала в соответствии с требованиями научного издания.

Authors' contributions

Nurtazayeva Alima Berikkaraevna – defined the overall scholarly orientation of the research and developed the conceptual framework of the article on the stated topic. She systematized the theoretical and methodological approaches of the study, specified its aims and objectives, and prepared the main analytical section of the article. She conducted a historical analysis of the processes of modernization and development of the Central Scientific Library's activities during 1932–1960. Based on the analysis of historiographical works and archival sources, she formulated the key scholarly conclusions.

Tuenbayeva Kalima Toleubaevna – actively participated in the selection and systematization of historical and historiographical materials on the research topic. She conducted a comprehensive bibliographic analysis of scientific literature, made meaningful clarifications aimed at determining the degree of study of the problem. Participated in the scientific editing of the text of the article, and also provided technical and editorial support for the design of the material in accordance with the requirements of the scientific publication.

Редакцияға түсті 16.10.2025

Өңдеуден кейін қайта түсті 27.11. 2025

Жариялауға қабылданды 25.12.2025